

"Казмежколхозстрой" республикалық бірлестігін таратуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 17 қыркүйектегі N 314. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.12. N 1556 қаулысымен. ~P971556 Қайта күшіне енді - ҚРҰ-нің 1997.11.25. N 1656 қаулысымен.~P971656

"Казмежколхозстрой" республикалық бірлестігі жоғары басқару органының оны тарату туралы шешім қабылдауына байланысты:

1. Ұжымшарлардың, ұжымшараралық құрылыс, жобалау ұйымдарының, құрылыс-индустрия және өзге де ұжымшараралық ұйымдардың өкілетті өкілдерінің 1997 жылғы 16 сәуірдегі Республикалық жиналысының "Казмежколхозстрой" республикалық бірлестігін тарату туралы шешімі мақұлдансын және назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына "Казмежколхозстрой" республикалық бірлестігін таратуды жүзеге асыру кезінде заңдылықтардың сақталуы жөніндегі қажетті шаралар қабылдау ұсынылсын.

Премьер-Министр